

Казталов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №57-2 "2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 58-20 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 қаңтарда № 6758 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Казталов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Казталов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №57-2 "2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6574 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

12-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"12. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі."

2. Казталов аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Н.Кажғалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

К. Алтаев

С. Мулдашев